

## Ақсу қаласы Қазалы ауылын және Қазалы селолық округін қайта атау туралы

Павлодар облысының әкімдігі мен мәслихатының 2008 жылғы 14 қаңтардағы біріккен N 3, 52/3 қаулысы мен шешімі. Павлодар облысының әділет департаментінде 2008 жылғы 24 қаңтарда N 3100 тіркелген.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 6- бабы 1- тармағының 4) тармақшасына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылышы туралы" Заңы 11- бабының 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасы үкіметінің 1996 жылғы 5 наурыздағы "Қазақстан Республикасындағы ұйымдарды, темір жол станцияларын, әуежайларды, сондай-ақ физикалық-географиялық объектілерді атау мен қайта атаудың және олардың атауларының транскрипциясын өзгертудің Тәртібін бекіту туралы" N 281 қаулысына, Ақсу қалалық мәслихатының және Ақсу қаласы әкімдігінің 2007 жылғы 5 ақпандағы N 229/32 бірлескен шешіміне, облыстық ономастика комиссиясының 2007 жылғы 12 наурыздағы қорытындысына, облыс әкімдігінің 2007 жылғы 2 қарашадағы "Ақсу қаласының Қазалы ауылын және Қазалы селолық округін қайта атау туралы" N 261/8 қаулысына сәйкес, қазалы ауылы тұрғындарының пікірін ескере отырып, Павлодар облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және облыстық мәслихат **ШЕШІМ ЕТЕДІ**:

1. Ақсу қаласының әкімшілік-аумақтық құрылышына мынадай өзгерістер енгізілсін:

Ақсу қаласының Қазалы ауылы мен Қазалы селолық округі Мәмәйіт Омаров атындағы селолық округі мен Мәмәйіт Омаров ауылы етіп қайта аталсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыстық мәслихаттың азаматтардың құқығы мен заңды мұдделерін қамтамасыз ету және ақпараттық саясат мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім реңми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы*

*Облыс әкімі*